

Махмут Г.*

магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ “是 shì” ҚАМТЫЛҒАН СӨЙЛЕМДІ ҮЙРЕНУ ЖОЛДАРЫАвтор корреспондент: makhmut85@inbox.ru

Түйін: Бұл мақалада қытай тілін оқытудың мәселелері қарастырылады, соның ішінде үйренушілерге сабақтың алғашқы кезеңінде қиын тиетін және осыған байланысты көбірек жіберілетін қателерге баса назар аударылады, сол қиындықтан шығудың жолдары туралы түсініктер беріледі. Тілді білу дәрежесіне қарай білім беру әдістемесі үш сатыдан тұрады. Бірінші сатыда дыбысталу заңдылықтары үйретілсе, келесі сатыда шағын диалог, мәтін құрау жолдары, үшінші сатыда шағын мәтіндерді аудару алуы тиіс. Үйренушілер осы кезеңде, тапсырмалардың берілу түрлеріне қарай, ең алғашқы сабақта оқытылатын “是” қамтылған сөйлемді үйрену барысында өте көп қателіктер жібереді. Мақалада бұл мәселе ұлттық тілде ойлап, қытай тіліне аудару, бұрын мүлде мағлұматы болмау т.б. секілді себептермен түсіндіріле отырып, “是” қамтылған сөйлемдерге түрлі мысалдар келтіріліп, нақты қателер көрсетіледі және одан шығудың жолдары қарастырылады. Үйрету әдістемесінің осындай сатыларына қарай алғашқы кезең өзіндік қиындықтардан тұрады. Тілді үйрету барысында бұл өте маңызды мәселе болып табылады.

Кілттік сөздер: Қытай тілі, “是” қамтылған сөйлемді, тілашар, жіктеу есімдігі, йероглиф, зат есім, аударма ісі, көптік мағына, екінші шет тілі.

Жалпы ҚХР-дың ЖОО-да әр елден келіп оқитын шетелдік студенттердің қытай тілін меңгеруіне жан-жақты әдістемелік мүмкіндіктер қарастырылған. Берілетін білім мазмұны кезеңдерге бөлініп, кездесетін қиындықтардың себептері анықталып, одан шығудың жолдарын әдістемелік зерттеулерге негіз еткен мақалалар өте көп. Соның ішінде Америка, Еуропа елдері мен Жапон, Корей, оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттері студенттерінің тілді меңгеруі бойынша жақсы жұмыстар жасалып отыр. Олай болатын себебі ол елдер бойынша қытай тілін оқыту әдістемесін зерттеу жұмыстары ерткерек қолға алынған, сондықтан ізденуге қажетті материалдар да мол. Ал Қазақстандағы жағдай басқаша, соның ішінде таза қазақ тілді студенттердің қытай тілін меңгеру жолдарын жіліктеп, жан-жақты түсіндіріп беретін мақала саны саусақпен санарлық. Оның себептері әр түрлі, біріншіден, Қазақстандағы қытай тілін оқыту әлі де болса жүйеге түспеген. Қазақ тілді студенттерге таза қазақша-қытайша сабақ беретін маман өте аз. Ал Қытай елінен келетін қытай тілі мамандары не ағылшын, не орыс тілін меңгеріп келеді, оның өзінде жоғары деңгейде емес. Маман тапшылығы өз алдына үлкен мәселе, одан да маңыздысы маманның қазақ тілін еркін білмеуінде. Біздің елімізде қытай елінен келген қазақ мұғалімдері әр оқу орнында бар, бірақ саны шектеулі, бәріне жете бермейді. Екінші бір қиындық материалдың өте аз болуында. Осы сияқты жетіспеушіліктер жіктеп тізе беруге болады. Нәтижесінде білікті мамандардың қалыптасуы мен қазақ-қытай тілін салыстырып зерттеу ісі де, студенттердің үйрену жағдайын нақты көрсетіп, онымен ары арай қалай жұмыс жасау керектігі айқындап беретін ізденістер де кенжелеп қалып отыр. Жинақтай айтқанда бұл қытай тілін үйренудегі көп мәселенің туындауына себеп болып отырған негізгі жайттар. Біз мақала көлемінде соның біреуіне ғана тоқталып, оны шешудің жолдарына әдістемелік тұрғыдан назар аудармақпыз.

Қытай тіліндегі “是字句” яғни “是” қамтылған сөйлем мен “是……的” формасындағы сөйлем түрі қазіргі қытай тілінде ең көп қолданысқа ие сөйлем болып табылады. “是……的” үлгісінде келетін сөйлемді ерекше сөйлем түріне жатқызуға болады. Күнделікті қытай тілі сабағын өткізу тәжірибесі қазақ тілді студенттердің осы сөйлемдерді үйрену барысында өте көп қателіктер жіберетінін көрсетіп отыр. “是”

қамтылған сөйлемдер студенттердің үйренуіне үнемі қиындықтар тудырып отырғанына қарап, қытай тілінде “是” қамтылған сөйлем өте маңызды грамматикалық түйін екенін аңғаруға болады әрі толық меңгеруге тиісті маңызды мәселенің бірі

“是字句”сөйлем құрылысы.

Күнелікті студенттерге қытай тілін оқыту барысында, яғни сабақ кезінде, сабақ соңында жазылатын диктанттар мен жаттығулар бойынша жиналған материалдардан, олардың осы сөйлем үлгісін меңгеруде қиналатыны байқалды, сол себепті оны арнайы мәселе ретінде күн тәртібіне қоюдың алдымызда тұрған міндеттердің бірі екені даусыз.

Қытай тілін жаңадан бастап бір жыл көлемінде үйренген жалпы студенттер жіберетін қателіктер бәрінде бірдей. Анығырақ айтсақ қытай тіліндегі “是” қолданылатын жерге қолданбай, қолданабайтын жерге қолданып, не артық, не кем қолдану сияқты қателіктер жалпы барлығына ортақ болып келетіндіктен, кемшілікті білім алушыдан емес, керісінше әдістемеден іздеу керектігі белгілі болып отыр. Үйрету кезеңінде, сол күнгі сабақ бойынша жаңа сөздермен танысып болған соң оған “是” –ны қосып сөйлем құрау практикасында, тапсырмаларда бірден және үнемі осы қателіктермен жұмыс істеу керектігін ескертеді.

Шетел студенттеріне қытай тілін үйретуде, маңызды сөйлемдердің құрылысы бойынша жиі орын алатын қателіктер тобын қарастыруға арналған зерттеу еңбектері өте көп, соның ішінде «外国留学生22类现代汉语句式的习得顺序研究»¹-де Осы “是” қамтылған сөйлемнің төрт түрін көрсеткен, олар: ① бастауыш+是+зат есім(зат есімді сөз тіркесі), ②.....的+是+зат есім/етістік/жай сөйлем, ③ бастауыш+是+уақыт мәнді сөз+етістік (толықтауыш)+的, ④ бастауыш+是+сын есім(сөз тіркесі)+的. Шетел студенттерінің өз бетімен құрастыруда ең жиі қателесетін тұсыосы сөйлем түзілісі екенін әр түрлі тестер арқылы көрсеткен.

Мақаланың түйіні болған “是” қамтылған сөйлемнің біздің студенттердің жіберген қателіктерін жинай отырып талдау жасап көреміз. Қытай тіліндегі [是字句] “是” қамтылған сөйлемнің құрылысы бастауыш(зат есім тұлғалы сөз)+ 是+(зат есім тұлғалы сөз). Сөйлем ішіндегі “是” [Қосымша түсінік ретінде]: Қытайша-қазақша үлкен сөздік. Құрастырған: С. Найман. Шыңжаң халық баспасы. 2006ж. 1478-1479 б. 是-shì-1. Дұрыс, рас, тура, жөн. М: 应当早做准备才是。(Аудармасы: күні бұрын дайындалған жөн.) 2. құп, мақұл, жарайды, ия. болады М: 是, 我就去。(Аудармасы: Ия, барайын) 3. Істің, қимылдың басқа –басқа екенін білдіреді. М: 敌是敌, 友是友。(Аудармасы: Қас дегенің қас, дос дегенің дос қой.) 4. Міне, осы, сол, бұл, т.б. Сілтеу есімдігі ретінде келеді. М: 由是可知。这年/这月(Аудармасы: Осыдан-ақ білуге болады. Осы жылы/осы ай) 5. Бірақ, дегенмен, әйтсе де, сонда да. М: 诗是好诗, 就是长一点。(Аудармасы: Өлең жақсы екен, бірақ, шұбалаңқы көрінеді.) 6. Әйтеу, әйтеуір, болса болғаны, не болса да. М: 是活儿他都肯干。(Аудармасы: Оған жұмыс болса болғаны.) 7. Деген, тап, дәл. М: 来的是时候。(Аудармасы: Дәл кезінде келдің.) 8. Сұраулық шылау ретінде келеді. М: 你是骑马, 是坐车?(Аудармасы: Атпен жүресің ба, арбамен жүресің ба?) 9. Сөздің

¹外国留学生22类现代汉语句式的习得顺序研究(A Study on the Acquisition Order of 22 Modern Chinese Sentence Patterns for Foreign Students)

екпінін, салмағын күшейтеді. М:是谁告诉你的? (Аудармасы: Мұны саған айтып жүрген кім өзі?) 10. Заттың, істің, қимылдың кім, не екенін, қалай, қандай екенін білдіреді. М:他是工人。(Аудармасы: Ол- жұмысшы.)Қытайша-қазақша үлкен сөздік. Құрастырған: Д.Мәсімханұлы. А.Әбиденқызы.Алматы 2017, «Эксклюзив КА»,[是]shì есімнен кейін қолданылады .[是]shì ①[сын.] жақсының ештеңісі жоқ 一无~处кекірейген; менменсінген; өркөкірек 自以为~ | істке асатын фактілерге сүйене отыру 实事求是~ сіздің айтқаныңыз дұрыс 说得~ . ②<书> көнеліктіжақтаушы ~ 古非今.③[ет.] Иә,мен білемін ~ , 我知道 | Иә, сенкеттім ~ , 我就去 . ④ (Shì) [зат.] фамилияға қолданылады.[是] 2shì<书>[ес.]егер, егерде如~ осыдан былай көруге болады由~可知 | Осы күні күн райы ашық ~ 日天气晴朗.是] 3shì[ет.] ①Грамматикажағынаайтғанда бір ісді дәлейдейді : 这是我的书.:бул меным кітапім:②бар боліп тур деген мағана.③алайда④用在句首 , 加重语气 Тонді ұлғайтыну.⑤дәль солай.⑥тандау үшін сурак сурау ⑦нағытысолай деген мағана береді.[是的] shì-de-сияқты еді , тәрізді, тән.662б.是-shì-1. Дұрыс, рас, тура, жөн. М: 应当早做准备才是。(Аудармасы: күні бұрын дайындалған жөн.)2. құп, мақұл, жарайды, ия. болады М: 是 , 我就去。(Аудармасы: Ия, барайын)3. Істің, қимылдың басқа –басқа екенін білдіреді.М: 敌是敌 , 友是友。(Аудармасы: Қас дегенің қас, дос дегенің дос қой.)4. Міне, осы, сол, бұл, т.б. Сілтеу есімдігі ретінде келеді. М: 由是可知。这年/这月(Аудармасы: Осыдан-ақ білуге болады. Осы жылы/осы ай) 5.Бірақ, дегенмен, әйтсе де, сонда да. М:诗是好诗 , 就是长一点。(Аудармасы: Өлең жақсы екен, бірақ, шұбалаңқы көрінеді.) 6. Әйтеу, әйтеуір, болса болғаны, не болсада. М:是活儿他都肯干。(Аудармасы: Оған жұмыс болса болғаны.) 7.Деген, тап, дәл. М:来的是时候。(Аудармасы: Дәл кезінде келдің.) 8.Сұраулық шылау ретінде келеді. М:你是骑马 , 是坐车 ? (Аудармасы: Атпен жүресің ба, арбамен жүресің ба?) 9.Сөздің екпінін, салмағын күшейтеді. М:是谁告诉你的? (Аудармасы: Мұны саған айтып жүрген кім өзі?) 10. Заттың, істің, қимылдың кім, не екенін, қалай, қандай екенін білдіреді. М:他是工人。(Аудармасы: Ол- жұмысшы.)Қытайша-қазақша үлкен сөздік. Құрастырған: С.Найман.Шыңжаң халық баспасы. 2006ж. 1478-1479 б.] болса тұжырым мәніне ие болады да сөйлемде етістік болады.Осы үлгідегі сөйлемді үйренгенде ең көп кететін қателік:

1. Етістіктің түсіп қалуы. Студенттерден жинап алған қате сөйлемдерді мысалға келтірейік

- (1) 他也中国人。
- (2) 他学生。
- (3) 我朋友中国人。
- (4) 她也中国人。
- (5) 他汉语老师吗?
- (6) 谁你的同学?
- (7) 你的专业什么?
- (8) 你们老师。
- (9) 你们老师吗?

- (10) 我老师中国人。
- (11) 我也中国学生。
- (12) 我同屋中国人。
- (13) 他们我的学生。
- (14) 他们哪国人？
- (15) 他的老师谁？
- (16) 他老师吗？
- (17) 他们学生。
- (18) 我同屋中国人。
- (19) 他老师。
- (20) 他们谁？
- (21) 我中国人。

Біздің студенттердің деңгейі алғашқы, орта деңгейдегі студенттер. Осы қателік жаңа бастаған студенттерде 95 пайызға дейін жетіп отырады. Ал орташа деңгейге жеткенде азаяды, себебі күнделікті осы сөйлем құрылысы кезігіп отыратындықтан, құлақ пен ауыз үйреніп қалады да сөйлем жатталып кетеді, қателік азаяды. Мысалы осы сабақта біз ең алдымен жіктеу есімдігін үйренеміз. Сосын ағылшын тіліндегі “To be” етістігімен сәйкес келетін “是-shì” етістігін үйренеді, сонан кейін зат есім мұғалім “老师-lǎo shī”, студент “学生-xué shēng”-ді үйретеді, бұл демек сөйлем құрылысына мән беру деген сөз. Студент бірінші қадамнан-ақ грамматикасында қателік жоқ сөйлем құрап үйренуі шарт. Мысалға айтсақ, қазақ тілінде «мен мұғаліммін» деген сөйлем қытай тіліне “我是老师” (wǒ shì lǎo shī) болып аударылады, былай қарағанда екі тілдегі бастауыш пен баяндауыштың орны бірдей, тек студенттерге бұл жерде бір ғана “是-shì” етістігі түсініксіз болады. Бұндай жағдайда қазақ тілінің грамматикалық ерекшелігімен түсіндіру мүмкін емес, өйткені біздің тіліміз жалғамалы тіл. «Мен мұғалім-мін» деген сөздегі зат есімге жалғанған I жақ жіктеу есімдігінің жалғауын “是-shì” етістігімен береміз десек оны студенттердің түсіне алуы екіталай, бұндай жағдайда ағылшын тілінің жүйесіне сүйенеміз. Ағылшынша “I’m a student” қытай тіліндегі “我是老师” деген сөйлемге грамматикалық жағынан сайма-сай келіп тұр, енді түсіндіруге оңай, яғни қытай тіліндегі жіктеу есімдігі мен зат есімнің ортасында келетін “是-shì”-ны ағылшын тіліндегі “To be” етістігімен салыстыруға болады. Осы ерекшелікті тереңірек үйреткенде олар сөйлемді қате құрамайды, ал қазақ тілінің сөйлем құру ерекшелігімен түсіндіргенде мынадай қате сөйлем шығады: «我老师» (wǒ lǎo shī), бұл қателіктің орын алу себебі студент өз ана тілінің тілдік санадағы қалыптасқан қағидаларына салып, қытай тілінің ерекшелігін ескермейді. Осыдан келіп қателікке жол берілетіні түсінікті болады. Бұл жай ғана бір мысал, біз осындай нәзік түйіндерге баса назар аудара отырып үйреткенде ғана белгілі бір нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

1. Сөйлемде артық “是-shì” етістігін қолдану. Мысалы:

1. 他是叫什么名字？
2. 你是认识他吗？
3. 我是学汉语。
4. 他们是学汉语。
5. 我是姓……
6. 我的是老师中国人。
7. 我是认识他，
8. 他中文系的老师。
9. 他是姓叫李。
10. 我是有二个朋友。

11. 我们学校是有三十六学生。
12. 你们家是有几人？
13. 留学生们的图书馆是在哪儿？

Осындай қателіктер келіп шығуының түпкі себебі “是-shì” етістігін дұрыс қолдана алмауында. Студент қандай сөйлемде кірістіретінін және қандай сөйлемде оны қолданбайтынын ажырата алмайды әрі дұрыс-қателігін көп таразылап жатпастан өзінің жаңа үйренген сөзін қосып айта береді. Нәтижесінде “是-shì” етістігін барлық сөйлемге кірістіреді. Себебі жоғарыда түсіндіріп өткеніміздей қытай тіліндегі “是-shì” етістігінің сөйлемдегі орны мен қазақ тіліндегі баламасының орны мүлдем басқаша. Қытай тілінде жіктеу есімдігінен кейін келсе қазақ тілінде сөйлемнің соңындағы жіктеу есімдігінің I,II,III жақ жалғауымен берілетіндіктен студентке бұл жағдай тең дәрежедегі балама бола алмайды.Сөйлемде орнын, керек-керек еместігін ескерместен қолдана беретіні сондықтан.

2.“是-shì” етістігінің сөйлемдегі дұрыс қолдана алмау

Анығырақ айтқанда сөлемдеөзінің етістік рөлін атқаратын орнында тұрмауы. Қытай тілінің өзге тілдерден оңашаланып тұратын грамматикалық ерекшелігі – сөздердіңсөйлемдегі орны.Бұл өте маңызды, өйткені бір сөздің сөйлемде өз орнын тауып қолданбауы тұтас сөйлем мағынасына тікелей әсер етеді. Бұл біздің қазақ тілімен салыстырғанда басқаша.Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орны еркіндеу болып келеді. Орындары ауысқанмен сөйлем тұтастығын сақтап, мағынасы өзгеріп кетпейді. Сондықтан да айтқалы отырған қателік түрі әбден ана тілінің грамматикалық ерекшелігі, тәртібі ойға қалыптасып қалғандықтан, жаңа, мүлде көрмеген өзге тілдің грамматикалық ерекшелігі студенттер үшін бөтен болып көрінеді де, қателік өздігінен-ақ пайда болады, мәселе осы жерінде. Бұндай қателіктер біраз уақыт үйренгеннен кейін, екінші тілдің табиғатын түсіне бастаған кезден бастап біртіндеп азаяды. Студент дұрыс құрылған сөйлемді жаттау, айту арқылы дағдыланады, түсінігі жаңа ақпараттармен толығыады. Қате айтып тұрғанын сезініп, дұрыс айтылған сөйлемдерге кемшілігін түзейді, ары қарай қолданып кетеді.

- (1) 我不是认识的人。
- (2) 我是学汉语。
- (3) 他们是学汉语。
- (4) 他是认识我妈？
- (5) 同学是我们的朋友。
- (6) 他的是老师叫什么名字？
- (7) 他们我是同学。
- (8) 我是专业的国际关系。
- (9) 我们都是去北京大学。

Қорытындылай айтқанда, қытай тілі мен қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері бір-біріне ұқсамайтын екі дара тіл. Студенттер қазақ тілінде өзіннің бұрынна қалыптасып қалған қазақ тілінің ережелерінен мүлде бөлек, бөтен тілді үйренеді.Өз ана тіліне сәйкес келетін шет тілінің грамматикалық ерекшеліктерін оңай қабылдап, оңай үйреніп алады да, сөйлем құрау ерекшеліктері сәйкес келмейтін тұстарына келгенде осы үлгімен қазақ тілінің гармматикалық ережелеріне қарай ауытқып кетеді. Бұл біраз уақытқа созылатын барыс. Студент екінші шет тілінің табиғатын жоғары деңгейде біліп, қытай тіліндегі шығармаларды еркін түсініп, өз алдына мақала жазғанда барып қателік азайды. Сондықтан, қытай тілін толық меңгеру бағытындағы ізденістер, біздің жағдайымызда, біріншіден үйренушіні жан-жақты жетілдіруге бағытталған оқу құралдарымен және білікті мамандармен қамтамасыз етілуі тиіс. Екіншіден, оқытушылар өз жұмысында басшылыққа алу үшін қазақ тілі мен қытай тілдерін салыстыра отырып, өзара ұқсас

тұстары мен өзгешеліктерін айқындап көрсететін, үйрету әдістемесіне негізделген зерттеу еңбектері қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Д.Мәсімханұлы. А.Әбиденқызы Қытайша-қазақша үлкен сөздік. Алматы, «Эксклюзив КА» 2017. 1022 бет.
2. С.Найман. Қытайша-қазақша үлкен сөздік., Урімжі. Шыңжаң халық баспасы, 2006ж. 2265бет
- 3.戴庆夏、成燕燕.维吾尔族、哈萨克族汉语语法教学难点释疑,北京:北京:商务印书馆 2009, 22-bet [Dai Qing Xia, Cheng Yan Yan, Qytai tilining grammatikasy, Beijing: Beijing, Bissinese baspasy. 2009 jil, 22-bet]
4. 李德津、程美珍.外国人实用汉语语法北京:北京语言大学, 2008, P35 [Li De Feng, Cheng Mei Zhen: Sheteldikterding qyai tili grammatikasyn uirenuı, Beijing: Beijing tilder universiteti baspasy, 2008 jil, 35-bet]
5. 汉语教程: Қытай тілі оқулығы, Бейжің тілдер университеті баспасы, 2006ж, 1-2-бөлім, 2006.
6. Масимханұлы, Д. Основные знания фонетики китайского языка: учебное пособие / Д. Масимханұлы, А. Абиденқызы, Д. Кульмағанбетова. Алматы: Cyber Smith, 2017. 140 б.
7. Мәсімханұлы, Д. Қытай туралы қырық сөз: ғылыми зерттеулер, очерктер, сұхбаттар / Д. Мәсімханұлы. Астана: Фолиант, 2014. 559 с. (Қаз, орыс тіл.)

Аннотация: В этой статье рассматриваются вопросы преподавания китайского языка, поскольку в нем рассматриваются ошибки, которые наиболее часто встречаются в начале урока и дается представление о путях выхода из этой сложности. В зависимости от степени владения языком методика обучения состоит из трех этапов. На первом этапе обучение законам произношения, на следующем переводить небольшие диалоги, пути формирования текста, а на третьем, они должны уметь переводить небольшие тексты. На данном этапе обучаемые допускают очень много ошибок при изучении предложения, содержащего “是”, изучаемого на самом первом занятии, в зависимости от вида задания. В статье проблема состоит в том, чтобы думать на национальном языке, переводить на китайский, совсем не зная и т. д. Предложения, включенные “是” показываются конкретные ошибки и рассматриваются пути выхода из него. По таким ступеням методики обучения, первый этап состоит из собственных трудностей. При обучении языку это очень важный вопрос.

Abstract: This article discusses the issues of teaching the Chinese language, in which the emphasis is on the most difficult and often overlooked mistakes in the first stages of the lesson, as well as insights on how to overcome them. Depending on the level of language proficiency, teaching methods are divided into three stages. At the first stage you will be taught the laws of pronunciation, at the next you will be able to translate small dialogues, ways of making sentences and in the third you will be able to translate short texts. Learners will make a lot of mistakes during this period of learning the phrase "是", which will be learned in the first lesson, depending on the type of assignment being given. In the article, the problem is to think in national language, translate into Chinese, not knowing at all before, etc. The sentences included in the "是" is given different examples, specific errors are shown and ways to solve them are explained. At such stages of the teaching methodology, the first stage is consist of difficulties. This is a very important issue when teaching language.